

5 М.А. Тлеужанова, А.Ж. Касенова, А.Б. Учкампирова. Аграрный сектор Казахстана и его экспортные возможности // Проблемы агрорынка. – 2016. - № 3. – С. 22-29.

6 М.А. Тлеужанова, А.Ж. Касенова, А.Б. Учкампирова. Аграрный сектор Казахстана и его экспортные возможности // Проблемы агрорынка. – 2016. - № 3. – С. 22-29.

7 Ф.А. Шуленбаева, С.Т. Окутаева, К.М. Маденова. Проблемы и перспективы развития отрасли животноводства // Проблемы агрорынка. - 2018. - № 2. - С. 155-161.

Spisok literatury

1 Moskoleva N.V., Kuz'menkova V.D. Metody jekonomicheskikh issledovanij.- Smolensk: FGBOU VO Smolenskaja GSHA, 2016.- 86 s.

2 V.V. Grigoruk, Ch.U. Akimbekova, E.V. Klimov, Zh.S. Dosumova. Model' agroformirovaniya po proizvodstvu organicheskoy sel'skoho-

zjajstvennoj produkcii s dobavlennoj stoimost'ju // Problemy agrorynka.- 2018.- № 2.- S.82-90.

3 Kiseleva O. Stabilizacija finansovogo polozhenija sel'skhozjajstvennyh predpriyatij // APK: jekonomika, upravlenie.- 2000.- №7. - S. 70-77.

4 R.Zh.Gabdullina, G.K. Luhmanova, T.A. Taipov. Agropromyshlennyj kompleks Respubliki Kazahstan v kontekste integracionnyh processov// Problemy agrorynka.- 2018.-№2.- S.20-27.

5 М.А. Tleuzhanova, A.Zh. Kasenova, A.B. Uchkampirova. Agrarnyj sektor Kazahstana i ego jeksportnye vozmozhnosti // Problemy agrorynka. – 2016. - № 3. – С.22-29.

6 М.А. Tleuzhanova, A.Zh. Kasenova, A.B. Uchkampirova. Agrarnyj sektor Kazahstana i ego jeksportnye vozmozhnosti // Problemy agrorynka. – 2016. - № 3. – С. 22-29.

7 F.A. Shulenbaeva, S.T. Okutaeva, K.M. Madenova. Problemy i perspektivy razvitija otrasli zhivotnovodstva // Problemy agrorynka. - 2018. - № 2. - S. 155-161.

FTAMP 06.71.07
ӘОЖ 338.2

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІНДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

ИНВЕСТИЦИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В АГРОПРОМЫШЛЕННОМ КОМПЛЕКСЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

INVESTMENT ACTIVITY IN AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Р.Қ. КОНУСПАЕВ*

Э.Ф.К.

Т.Ж. ДЕМЕСИНОВ

Э.Ф.К., қауымдастырылған профессор

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау, Қазақстан

e-mail.ru: konuspaev@list.ru

Р.К. КОНУСПАЕВ,

К.Э.Н.

Т.Ж. ДЕМЕСИНОВ,

К.Э.Н., ассоциированный профессор

Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан

R.K. KONUSPAYEV

C.E.Sc.

T. DEMESSINOV

C.E.Sc., Associated Professor

Sh. Ualikhanov Kokshetau State University, Kokshetau, Kazakhstan

Аңдатпа. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешеніндегі инвестициялық белсенділік, инвестиция тарту мәселелері қарастырылған. Республика облыстары бойынша олардың түсімдерінің серпіні мен көлемі талданған. Жеке инвестициялар үшін саланың инвестициялық тартымдылығын зерделеу нарықтық тетіктердің, қаржыландырудың тең жағдайлары мен қол жетімділігінің, салаға несие беруге қабілетті кәсіби қатысушылардың болмауы, жеке капиталдың келуіне кедергі келтіретінін анықтады. Инвестициялық процеске оң әсер ететін фак-

◆◆◆◆◆ торлар анықталды. Нарықтық қатынастар жағдайында мемлекет баға белгілеудің ғылыми негізделген тетігін, икемді несиелік, салық саясатын, лизингтік қызметтердің өсуін, кәсіпкерлік қызметті ынталандыруды, мақсатты мемлекеттік қаржыландыру кезінде инвесторларға жеңілдіктер беруді, инвестициялаудың басым бағыттарын, күрделі салымдардың индикативтік жоспарларын әзірлеуді қамтамасыз етеді. Инновациялық технологияларды пайдалану негізінде аграрлық секторды қарқындату ғана өндіріс көлемі мен өнім сапасын арттыруға, ауыл халқының қажетті өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіні көрсетілген. Республиканың ауыл шаруашылығы өндірісін талдау барынша ырықтандырылған сыртқы саудадағы экономиканың ашықтығына қарамастан, жекелеген салалар тиімділігінің жеткіліксіз дәрежесімен жұмыс істейтінін анықтады.

Аннотация. Рассмотрены вопросы инвестиционной активности в агропромышленном комплексе Казахстана, привлечения инвестиций. Проанализированы динамика и объемы их поступлений по областям республики. Изучение инвестиционной привлекательности отрасли для частных инвестиций выявило, что отсутствие рыночных механизмов, равных условий и доступности финансирования, профессиональных участников, способных кредитовать отрасль, препятствуют притоку частного капитала. Определены факторы, позитивно влияющие на инвестиционный процесс. В условиях рыночных отношений государство обеспечивает научно обоснованный механизм ценообразования, гибкую кредитную, налоговую политику, рост лизинговых услуг, стимулирование предпринимательской деятельности, предоставление льгот инвесторам при целевом государственном финансировании, приоритетные направления инвестирования, разработку индикативных планов капитальных вложений. Показано, что только интенсификация аграрного сектора на основе использования инновационных технологий позволит повысить объемы производства и качество продукции, обеспечить необходимый уровень жизни сельского населения. Анализ сельскохозяйственного производства республики выявил, что, несмотря на открытость экономики в максимально либерализованной внешней торговле, отдельные отрасли функционируют с недостаточной степенью эффективности.

Abstract. The issues of investment activity in agro-industrial complex of Kazakhstan, attracting investments have been considered. The dynamics and volumes of their revenues in the regions of the republic have been analyzed. The study of the investment attractiveness of the industry for private investment revealed that the lack of market mechanisms, equal conditions and availability of financing, professional participants who are able to provide lending to the industry, impede the flow of private capital into the industry. The factors positively influencing on the investment process have been determined. In terms of market relations, the State provides a scientifically based pricing mechanism, flexible lending and tax policies, growth of leasing services, stimulation of entrepreneurial activities, provision of benefits to investors in targeted public financing, priority areas for investment, and development of indicative capital investment plans. It is shown that only intensification of agricultural sector through the use of innovative technologies will allow to increase production volumes and product quality, ensure the necessary standard of living of the rural population. The analysis of agricultural production of the republic revealed that, despite the openness of the economy in the most liberalized foreign trade, certain industries function with insufficient efficiency.

Түйінді сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, инвестициялар, күрделі салымдар, ауыл шаруашылығы өнімдері, нарық, баға белгілеу, несиелік, салықтық саясат.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, инвестиции, капитальные вложения, сельскохозяйственная продукция, рынок, ценообразование, кредитная, налоговая политика.

Keywords: agri-industrial complex, investments, capital investments, agricultural products, market, pricing, lending, tax policy.

Қысқашы. Ауыл шаруашылығы еліміздегі негізгі салалардың бірі болып табылғанымен, инвестициялық іс-әрекет үшін табысы да, тартымдылығы да шамалы, бірақ оның дамуына бүкіл экономиканың өсуі байланысты екені белгілі. Егер мемлекет тұрақты және күшті экономикаға мүдделі болса, онда ол заңнамалық және атқарушы

деңгейлерде қолайлы инвестициялық ахуал жасауға ықпал етуге тиіс. Сондықтан ауыл шаруашылығына инвестиция тарту мәселесі экономиканы дамытудағы түйінді мәселелердің бірі болып қала береді.

Инвестициялық ресурстарды тартуды және игеруді ұйымдастыру үшін ұлттық экономиканың тиісті даму деңгейіне (цик-



елдің қолайлы бизнес-климаты, оған қолайлы инвестициялық заңнамамен, сонымен бірге экономикалық және саяси тұрақтылықпен қолдау беріліп отырылады. Келесі маңызды фактордың бірі – бай табиғи және минаралды ресурстардың болуы, Қазақстан табиғи ресурстардың қоры бойынша алтыншы орынға ие болады. Д.И.Менделеевтің химиялық элементтерінің 99-ы Қазақстан қойнауынан табылып, 70-і барланған, ал 60-ы қазылып пайдаланылады. Үшінші маңызды фактор – ол Қазақстанның тиімді географиялық орналасуы, инвесторларға 1 млрд халқы бар тұтынушылық нарыққа шығуға мүмкіндік береді [4].

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында шетелдік және отандық инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың шаралары келесілерден құралады: инвестициялық және салық заңнамасымен бекітілген инвестициялық преференциялар (инвестициялық салық преференциялары, кеден баждарын салудан босату, мемлекеттік гранттар және т.б.), мемлекеттік даму институттары арқылы жобаларды біріккен қаржыландыру, ірі инвесторларды Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы кеңеске мүшелік құқығын беру, оның мәжілістері ҚР Президенті Н.Назарбаевтың өзінің төрағалық етуімен жылына екі рет өткізіледі.

Ауыл шаруашылығы ел экономикасындағы ең маңызды сала болып табылады, бірақ мұндай капиталсыйымды сектор капитал жинақтаудың жоғары қарқыны мен үлкен масштабынсыз қызмет ете алмайды. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы

үшін инвестиция мәселесі жақын жылдары ғана емес, болашақта да негізгі болып қала береді [5].

Ауыл шаруашылығына инвестицияның өз ерекшеліктері бар. Олар объектілерге капитал салумен қатар-экономиканың басқа да салалары сияқты адам еңбегінің нәтижелеріне ғана емес, ауыл шаруашылығында олар табиғат объектілеріне да жүзеге асырылады, бұл өзге де тең жағдайларда олардың қызметін ұзақ өтімділік мерзімімен және жоғары тәуекелдермен капитал сыйымды етеді, өйткені табиғат өзінің заңдары бойынша өмір сүреді, оларды басқару бүгінгі күні не мүмкін емес, не қымбат.

Халықтың жан басына шаққанда егістік жерлердің көлемі бойынша Қазақстан әлемде екінші орында, ал ауыл халқы Қазақстанның барлық халқының 40%-ға жуығын құрайды. Алайда, экономиканың осы секторының өте жоғары әлеуетіне қарамастан, ол елдің ЖІӨ-нің төмен үлесін алады – 5%, ал мемлекеттің салық кірістерінде одан да төмен – 0,5%-0,7%. Бұл ретте салыстырмалы түрде сектор тікелей де, жанама да (жеңілдікті пайыздық мөлшерлемелер, жеңілдікті салық салу және тағы басқа) субсидияларды ірі алушылардың бірі болып табылады.

Осылайша, ауыл шаруашылығын дамыту үкімет үшін тұрақты басым бағыт болып табылатынына қарамастан, ол аталған мақсатқа елеулі қаражат бөліп отырса да, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері экономиканың бұл секторының бәсекеге қабілеттілігі жақсарған жоқ (1 кесте).

1 кесте – Ауыл шаруашылығына инвестиция салу динамикасы, мың теңге

Көрсеткіш	2014	2015	2016	2017	01.11.2018
АӨК негізгі капиталына салынған инвестициялар	173 280 696	163 907 979	253 691 425	348 481 057	283535234
Соның ішінде:					
Бюджет қаражаттары	2 518 000	109684	-	99803	9044
Кәсіпорындар мен ұйымдардың өз қаражаттары	132303875	134073295	188012688	289923161	224030063
Банк несиелері	10086263	5609830	17492693	22906396	19751583
Басқа да қарыз қаражаттары	28372558	24115170	48186044	35551697	39744544
Ескерту: ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті мәліметтері бойынша авторлармен құрастырылған					

Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық саясаттың негізгі мақсаты агроөнеркәсіптік өндірістің тиімділігі мен ин-вес-

тициялық тартымдылығын арттыру, АӨК салаларына инвестициялық ресурстар болып табылады [6]. Агроөнеркәсіптік кешенді



көлемі бес жыл ішінде 173 280 696 мың теңгеден 283 535 234 мың теңгеге дейін ұлғайған, негізгі капиталға инвестициялар бойынша ауыл шаруашылығы қаржыландырудың барлық көздері бойынша салыстырмалы түрде аз қаржыландырылған сала болып қалады. Өзінің көлемі бойынша ауыл шаруашылығы инвестициялары сумен жабдықтау және кәріз жүйесі, білім беру, көтерме және бөлшек сауда саласындағы инвестициялармен салыстыруға болады. ЭЫДҰ бағалауына сәйкес республикада ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау 1995 жылмен салыстырғанда 2017 жылдың соңындағы жағдай бойынша 2,5 есеге артқан (2 кесте).

Кестеден байқағанымыздай ауыл шаруашылығына салынған инвестициялар

Көрсеткіш	2014	2015	2016	2017	01.11.2018
Қазақстан Республикасы	173 280 696	163 907 979	253 691 425	348 481 057	283 535 234
Ақмола	26 851 088	24 762 188	51 632 962	33 699 080	27 182 939
Ақтөбе	4 952 472	6 085 471	11 329 223	10 356 353	15 963 848
Алматы	19 064 507	16 951 771	29 243 429	43 145 510	36 977 139
Атырау	5 391 677	4 620 745	1 716 054	2 859 887	2 671 981
Батыс Қазақстан	695 159	545 346	2 948 815	5 240 588	3 178 176
Жамбыл	1 699 155	5 800 397	11 429 354	17 405 855	18 366 052
Қарағанды	12 500 233	7 004 818	8 927 862	9 639 973	10 793 854
Қостанай	19 103 784	27 262 166	34 495 320	37 324 900	32 027 810
Қызылорда	122 278	1 619 892	3 796 087	4 892 766	5 075 412
Маңғыстау	42 378	77 475	22 482	9 451	581 349
Оңтүстік Қазақстан	10 833 172	6 616 949	10 710 813	37 963 350	16 555 674
Павлодар	8 889 898	7 152 429	17 091 608	55 657 802	64 248 866
Солтүстік Қазақстан	48 951 670	44 040 616	56 305 606	71 887 449	31 363 639
Шығыс Қазақстан	14 183 225	11 367 716	12 973 732	18 364 305	18 244 547
Алматы қаласы	-	-	1 068 078	33 788	187 600
Шымкент қаласы	-	-	-	-	116 348

Дайын өнім айналымының салалық логистикасының болмауы өнімнің айтарлықтай қымбаттауына және өнімді сатудан түскен табыстарды ауыл шаруашылығы өндірушілерінің пайдасына емес, делдалдардың пайдасына қайта бөлуге әкеп соғады, бұл көптеген өндірушілер үшін агробизнесі тиімсіз етеді.

ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша ауыл, орман және балық шаруашылығы саласына шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы ағынын талдау шетелдік инвесторлардың салаға деген қызығушылығы 5,3 млн АҚШ долларынан 72 млн АҚШ долларына дейін теңбөлікті емес екенін, ал салаға инвестициялардың экономикаға жалпы шетелдік салымдар сомасының үлесі 1%-ға жетпейтінін көрсетеді.

Ауыл инфрақұрылымына бағытталған бюджеттік инвестициялар ауыл шаруашылығын серпінді дамыту үшін шешуші рөл атқарады, өйткені бұл аграрлық инвестициялау тұрғысынан инвестициялық тартымдылығын арттыруда оң әсер етеді. Ауыл шаруашылығы инвестициялық жобалары табыстар мен өнімділігін арттыру әлеуетімен ұлттық экономиканың басқа салаларымен тығыз байланысты жасай отырып, байланысты болуы қажет [9].

Экспорттық-импорттық операцияларды талдау болашақта Қазақстан майлы дақылдар, астық және астықты бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің (ұн, кебек және т.б.) экспортын арттыратынын көрсетеді. Алайда, сала өнімдерін жалпы шығару құрылымындағы мал шаруашылығы өнімдерінің елеулі үлесі (69%) үй шаруашылықтары екенін ескере отырып, бұл өнімнің сорттылығы мен сапасы мәселесі ерекше өзектілікке ие болады. Ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының ағымдағы көрсеткіштері қазақстандық экспорттың елеулі бөлігін қалыптастыратын астыққа бағаның белгіленуіне байланысты.

Жеке инвестициялар үшін саланың инвестициялық тартымдылығын талдау нарықтық тетіктердің болмауы, қаржыландыруға тең жағдайлар мен қолжетімділіктің болмауы, салаға кредит беруге қабілетті кәсіби қатысушылардың болмауы, салада қадағаланбайтын экономиканың болуы (өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың барлық санаттары, бухгалтерлік есептің болмауы, делдалдардың ұзын тізбектері), сондай-ақ жердің коммерциялық айналымының болмауы салаға жеке капиталдың келуіне кедергі келтіреді. Жеке капитал мемлекеттік немесе квазимемлекеттік капиталмен бәсекелесе алмайды, өйткені шарттар тең емес. Сондықтан біз мемлекет инфрақұрылымды дамыту, адами капиталды және ауыл шаруашылығы ғылымын дамыту арқылы саланы қолдауды ұйымдастыруы тиіс деп есептейміз. Мемлекеттік жеке меншік әріптестік саладағы инвестициялардың оңтайлы нысаны болар еді, бұл ретте тек ел ішіндегі жеке инве-

сторлар есебінен ғана емес, сондай-ақ тікелей шетелдік инвестициялар нысанында да болады.

Инвесторлардың жергілікті билік тең құқықтық базамен байланыстырылған мақсатты инвестициялық саясатты әзірлеу қажеттілігін түсінетін және инвестициялық ахуалды жақсартуға, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктерді кеңейте отырып, ауыл шаруашылығына шетелдік инвестициялардың ағынын арттыруға бағытталған шаралар қабылдайтынына сенім пайда болған кезде инвестициялардың ауқымды өсуі мүмкін болады.

«Эксперт РА» рейтинг агенттігі талдаушыларының деректері бойынша инвесторлар үшін алдағы жылдары бәсекелестіктегі табысты институционалдық шаралар мен өңірлердің жергілікті инфрақұрылымына салымдарды үйлестіру қамтамасыз етеді [10].

Нарықтық қатынастар жағдайында мемлекет ғылыми негізделген баға белгілеуді қамтамасыз ету, икемді несиелік, салық және амортизациялық саясат жүргізу, лизинг мүмкіндіктерін ұлғайту, кәсіпкерлік қызметті ынталандыру және жекешелендіру, мақсатты мемлекеттік қаржыландыру кезінде инвесторларға жеңілдіктер беру, инвестициялаудың басым бағыттарын және қаржыландырудың басқа да түрлерін бөлу, күрделі салымдардың индикативтік жоспарларын жасау жолымен инвестициялық үрдіске реттеушілік ықпал етуі тиіс.

Тұтастай алғанда, инвестициялық саясат мәселелерін шешудің жаңа тәсілдері ауыл шаруашылығының өндірістік әлеуетін тұрақтандыру және АӨК одан әрі дамыту үшін алғышарттар жасайды. Жаңа машина жүйесін, прогрессивті технологияларды енгізу негізінде ауыл шаруашылығы өндірісін қарқындату ғана өндіріс көлемін және өнім сапасын арттыруға, демек, ауыл халқына лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету үшін еңбекақыны арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанның ауыл шаруашылығына жүргізілген талдау, Қазақстан экономикасы ДСҰ мен ЕАЭО-ға қатысатын және нарықтық қағидаттарды ұстанатын барынша ырықтандырылған сыртқы саудасаттықта ашық болып табылатынына қарамастан, экономиканың жеке салалары нарықтық қатынастардан тыс жұмыс істейді және соның салдарынан экономикалық тиімділігі салыстырмалы түрде төмен болып табылады.

5. Қазақстанның ауыл шаруашылығына жүргізілген талдау, Қазақстан экономикасы ДСҰ мен ЕАЭО-ға қатысатын және нарықтық қағидаттарды ұстанатын барынша ырықтандырылған сыртқы сауда-саттықта ашық болып табылатынына қарамастан, экономиканың жеке салалары нарықтық қатынастардан тыс жұмыс істейді және соның салдарынан экономикалық тиімділігі салыстырмалы түрде төмен болып табылады.

2 Крушвиц Л. Финансирование и инвестиции. Неоклассические основы теории

10 Макеева В.А. Инструменты повышения инвестиционной привлекательности в регионах Приволжского федерального округа: общее и особенное // Региональная экономика: теория и практика.- 2015.-№ 5 (380). - С. 13-25.

5 Mahachev D.M. Upravlenie investitsionnymi processami i razrabotka investitsionnoi

cijalыk kызmeti // Problemy agrorynka.- 2018.-
N 2.- B. 50-58.

9 Soltanfazinov A.R., Amirova M.A., Kashuk L.I. Pavlodar oblysynyń auyldyq ajmaqtary: zhardajy men bolashagy // Problemy agrorynka.- 2018.-N 3.- B. 112 –121.

10 Makeeva V.A. Instrumenty povysheniya investicionnoj privlekatel'nosti v regionah Privolzhskogo federal'nogo okruga: obshhee i osobennoe // Regional'naja jekonomika: teorija i praktika.- 2015.-№ 5 (380). - S. 13-25.

praktika.- 2015.-№ 5 (380). - S. 13-25.